

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

№1

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2 «Балбөбек» кіші тобы

Тәрбиеші: Жузбаева Г.П

Сугирбаева А.К..

Шымкент 2020 ж

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

№2«Балбөбек» кіші тобында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: 27 Тамыз 2020ж

Өткізу уақыты: сағат 17:00

Бала саны:25

Қатысқандар:17

Күн тәртібінде:

- 1.Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру
2. Ата-аналар комитетін сайлау
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Ата-аналарды жаңа оқу жылындағы (2020-2021 ж) іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру.

Баяндамашы: :Жузбаева Г.П. оқыды.

Баяндама тіркелді

Жарыссөз:

Ата-ана: Келгенбаев Азат Қалыбекович сөз алды. Баланың тілін дамыту үшін, сөздік қорын молайту үшін не істеу керек?

Оған тәрбиеші: Сугирбаева Айжан жауап берді. Баланың тілін дамыту үшін үйде көбірек тапқатар, санамақтар айтқызу керек. Баланың сұрағына дұрыс жауап беруге тырысыңыз. Баламен көбірек жұмыс жасағаныңыз дұрыс деп жауап берді.

Ата-ана: Абдрахманова Карима сөз алды,

-Бақшада баланың жылауына жол бермеу үшін ата-аналар не істеу керек?,- деп сұрақ қойды.

Тәрбиеші:Жүзбаева Гулфайруз жауап берді:-

*Бақшаға баруына 3-4 ай бұрын нәрестеге психологиялық дайындық жүргізу;

*Бақшаның пайдасы туралы жиі айтып отырыңыз, мысалы: көптеген балалар олардың ересек адамболғанын естігенді ұнатады;

*Бірінші күні балабақшада оны 2 сағаттан артық қалдырмаңыз;

*Үйде өзіңізбен бірге ойыншық алуына рұхсат етіңіз (тым қымбат емес);

*Анасы оны, мысалы, таңғы астан кейін, түскі астан немесе серуеннен кейін алатын уақытты нақты белгілеңіз;

*Баламен сөйлесіп, одан әр күн сайын өткен күн туралы сұраңыз;

*Сіз үшін қаншалықты қиын болса да, жүйкеңізге жүк түсірмеңіз және оны балаға көрсетпеңіз,-деп жауап берді.

2. Ата-аналардың ұсынысы бойынша, ата-аналар комитеті құрылды.

№2 «Балбөбек» кіші тобында ата-аналар комитеті сайланды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Якубова Нилуфар
Ата-аналар комитетінің көмекшілері:

1. Абдрахманова Карима
2. Муратова Айгерим

3. Әр түрлі мәселелер:

Тәрбиеші: Жузбаева Гулфайруз балалардың күн тәртібін сақтау керектігін, төлемақыны әр айдың 10-шы жұлдызына дейін төлеу керектігін ескертті. Балалардың тазалығына, денсаулығына көңіл бөлу керектігін айтты.

№1 Ата-аналар жиналысының шешімі:

1.Ата-аналарды «Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.

2.Ата-аналар комитетінің мүшелері:

1. Якубова Нилуфар
- 2.Муратова Айгерим
- 3.Абдрахманова Карима болып сайлансын.

